

**«Аудандық балабақшалар бойынша аймақтық тәжірибелік»
семинардың хаттамасы**

«Адель» бөбекжай-балабақшасы ЖШС

Жылыбұлақ елді мекені

27.04.2022ж

Қатысқандар: 50

ААӘДБ-нің әдістемелік кабинет әдіскері Оразбаева Р

Жиналыс төрайымы: Молдагулова А

Хатшы: Жолдасова А

Күн тәртібінде:

I. Кіріспе бөлімі.

№	Іс-шара	Уақыты	Өтілетін орны	Жауаптылар
1	Семинарға қатысушыларды тіркеу	08:00-09:00	Фойе	Шопаева Ж
2	Көрме	09:00-09:30	Фойе	Абдукадирова З
3	Кофе	09:00-09:30	Фойе	Жүсіп Н
3	Семинардың ашылуы: Кіріспе:» Монтессори технологиясын қолданудың әдіс-тәсілдері» семинардың мақсат, міндетімен, өту барысымен таныстыру.	09:30-10:00	Фойе	Мусакулов С Оразбаева Р Әдіскер: Куандыкова Г

II. Негізгі бөлім.

№	ҰОҚ тақырыбы	уақыты	Тобы	Өтетін орны	Жауапты тәрбиеші
1	Көркем әдебиет, құрастыру «Шалқан» ертегісі (куыршақ театрі) Монтессори технологиясы	10:00-10:15	«Балауса» кіші топ	топта	Мауленова А
2	Жаратылыстану, жапсыру	10:00-10:20	«Балдырған» ортаңғы топ	топта	Қансейтова Н

	«Үй жануарлары мен оның төлдері» Монтессори технологиясы				
3	Математика, жапсыру «1ден 5 дейін тура және кері санау» Монтессори технологиясы	10:00-10:25	«Бәйтерек» ересек топ	топта	Жолдасова А
4	Сауат ашу, мүсіндеу «М әріпі мен дыбысы» Монтессори технологиясы	10:00-10:30	«Айгөлек» МАД тобы	топта	Мусакулова М

III. Қорытынды бөлім.

№	Талдау	Уақыты	Өтілетін орны	Семинарға қатысушылар
1	Психологиялық тренинг	11:00-11:15	АКТ залы	Психолог: Куандыкова Г
2	Музыкалық сәлемдеме	11:15-12:00	АКТ залы	Бекова Ж Сулейменова М
3	ҰОҚ талдау, ұсыныс беру	12:00-12:30	АКТ залы	ААӘДБ әдіскері – Оразбаева Р
4	Семинарды қорытындылау	12:30	АКТ залы	ААӘДБ әдіскері- Оразбаева Р

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша, ААӘДБ әдіскері Р.Оразбаева семинарды ашып берді, Қазығұрт ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты «Адель» бөбекжай балабақшасының әдіскері Г.Куандыкова семинардың тақырыбымен «Монтессори технологиясын қолданудың әдіс-тәсілдері» семинардың мақсатымен, міндетімен, өту барысымен таныстырып өтті.

Балабақшада жалпы педагогтар саны: 10

Педагог модератор -3 тәрбиеші

Санатсыз тәрбиешілер-7 тәрбиеші

Мауленова Аякөз Амирқызы «Балауса» І кіші тобында Білім беру саласы Қатынас, ҰОҚ Көркем әдебиет, тақырыбы «Шалқан» ертегісі қуыршақ театрінде сахналады. Шаттық шеңбер орындалды. Әуенмен шалқан ертегісі басталды. Балалармен дидактикалық ойын ойналды. «Көкөністер мен жемістерді ажырату». Екіге бөлінген пазлдарды құрастыру. екінші ойын «Жануарларды тамақтандыру» әр жануардың аузына өзі жейтін тамақтарын салады.

Қансейтова Назгул Шәріпбекқызы «Балдырған» ортаңғы тобында, Білім беру саласы Таным, ҰОҚ Жаратылыстану, «Үй жануарлары мен оның төлдері» тақырыбында ұоқ өтті. Шаттық шеңбер орындады. Балаларға сұақ жауап арқылы тақырыбын ашып алды. Үй жануарлар жайлы тақпақтар айтылды. Жұмбақтар жасырылды. Әр жануардың пірлерін атап өтті. Төлдерін атап өтті. Үй жануарлары қалай дыбыстайтынын тыңдау арқылы жауап берді. Үй жануарларын қалай шақыратынын меңгерді. Сергіту сәтін жасады. Үй жануарлары жайлы мақал-мәтелдер айтты. Балалар саусақ маторикасын қолдана отырып 3 топқа бөлініп жұмыс жасады. **І топ**-Қойдың суретіне мақта жапсырды, **II топ**- пазл құрастырды, **III топ**- кедергілерден өтіп төлін тапты.

Жолдасова Акмарал Дуйсенбаевна «Бәйтерек» ересек тобында, Білім беру саласы Таным, ҰОҚ қарапайым математика, «1 ден 5 дейін тура және кері санау» тақырыбында ұоқ өтті. Топқа лақ келеді, балардан көмек сұрайды. Лаққа көмектесу үшін қасқырдың тапсырмаларын орындады. Шаттық шеңбер орындалды. Балаларға күн, ай, жыл, мезгілдер туралы сұақ қойылды. **І тапсырма**: Қандай геометриялық пішін? 5 дейін қазақша, орысша санау және сандарды ретімен орналастырды.

2-тапсырма: Жемістер мен көкөністердің қосындысын айтты.

3-тапсырма: Сопақша, түсі сары, таңбаларды дұрыс орналастырды.

4-тапсырма: жұлдызша, түсі қызыл, оң, сол, артық, кем, тең, кеңістікті бағдарлау.

5-тапсырма: Балалардың есту, сезу қабілеттерін тексеру.

Сергіту сәтін орындады. Балалар екі топқа бөлініп шығармашылық жұмыс жасады.

Мусакулова Малика Миршариповна «Айгөлек» МАД тобында Білім беру саласы Қатынас, ҰОҚ Сауат ашу, «М дыбысы мен әріпі» тақырыбында ұоқ өтті. Жылулық шеңберімен бастады. Өткен тақырыпты қайталап өтті. Жұмбақ жасыру арқылы жаңа сабақты ашып алды. Қонаққа мысық келді. Мысықтың **1-тапсырмасы:** »М» әріпі дауыссыз ба, дауысты ма ажырата білді. «М» әріпінен келетін сөздерді буынға ауада бөлуді үйренді. **2-тапсырма:** »М» дыбысын тиісті орынға тінтуір арқылы апар. **3-тапсырма:** «Сиқырлы сандық» Әрбір суреттің атауынан «М» дыбысын тауып, сөздің қай бөлігінде тұрғанына байланысты әрбір сөзді сандыққа сал. Балаларды үш топқа бөліп шығармашылық жұмыс жасады. **1-топ:** дәптерге көркем жазды. **2-топ:** манный жармасына жазды. **3-топ:** қамырмен «М» әріпін мүсіндеп, гуашпен көк түске бояды.

Сергіту сәті орындалды. Балалар «Мақта қыз» ертегісін өздері сомдап шықты.

Жарыс сөзге шыққандар:

-«Нұрсәуле» балабақшасының әдіскері Набира ханым семинардың өте тамаша өткендігін, біраздан бері бұндай семинарлар болмағандығын, өзіне көп нәрсе алғанын, жақсы тәжірибе алмасқанын айтты.

-«Айханым» балабақшасының тәрбиешісі Гулдар ханым семинардың жақсы ұйымдастырылғанын, ұжымға алғысын айтты. Тәрбиешілердің өзінің ұстауы, балалардың тәртібі өте тамаша. ҰОҚ керемет әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланғанын айтып, тәрбиешілерге шығармашылық табыс тіледі.

-«Бексұлтан» балабақшасының әдіскері Нұрсұлу ханым семинардың жоғары дәрежеде өткендігін, балалардың белсенділігін айтып, келешекте осы балапандар кереметтей азамат болатынын және тәрбиелік мәні зор тапсырмалар берілгенін айтып, ұжымға рахмет айтты.

- Қазығұрт ауданы ААӘДБ әдіскері Оразбаева Раушан ханым семинардың жоғары дәрежеде өткендігін. Алдағы уақытта осындай семинарлар жиі ұйымдастырылатынын айтып, ұжымға шығармашылық табыс тіледі.